

Маңғыстау аумақтық-өндірістік кешенін дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қараша 1993 ж. N 1166

Маңғыстау облысы экономикасының жай-күйін және оның ерекше географиялық жағдайын, табиғи-климаттық ахуалын, облыс өнеркәсібінің бұрынғы КСРО халық шаруашылығы кешеніне терең интеграциялануын, өндірісінің айтарлықтай құлдырауын және мамандардың кетуі барған сайын көбейе түскенін ескере отырып, сондай-ақ аймақтың бірегей индустриалдык және кадр әлеуетін сақтау, халқының тұрмыс деңгейін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысының әкімі республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп 3 айлық мерзім ішінде Маңғыстау аумақтық-өндірістік кешенін дамытудың басым бағыттарын анықтасын, облысты әлеуметтік-экономикалық дамытудың 1994-1995 және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған кешенді бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен:

"Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі мен "Таимбанк" коммерциялық банкіні "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясына кредит берген сәттен бастап Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Уран мен минералды тыңайтқыш қорларын жасау туралы" 1993 жылғы 26 наурыздағы N 237 қаулысында көзделген шарттар негізінде бір жыл мерзімге кредиттеуді қамтамасыз етуге міндеттеу;

"Арна" акционерлік сауда компаниясына және мұнайшылардың сауда ұйымдарына ауыл шаруашылығы өнімдерін, тамақ өнімдерін сатып алу үшін 1994 жылдың мамырында қайтару шартымен 10 млрд. сом мөлшерінде кредит бөлу;

Маңғыстау облысын басым тәртіппен қолма-қол ақшамен және қосымша кредит ресурстарымен қамтамасыз ету сұралсын.

3. Маңғыстау облысының әкімшілігіне облыстың кәсіпорындарында өндірілетін өнімнің 10 процентіне дейін аймақтың әлеуметтік мұқтаждарына пайдалануға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі 3 айлық мерзімде аймақтың жоғары білікті мамандармен және жұмысшылармен қамтамасыз етілуіне терең талдау жасап:

аймақтың базалық салаларында кадрларды тұрақтандыру жөнінде;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесіп Ресей Федерациясы мен ТМД-ның басқа да елдерінің жоғарғы оқу орындарынан жас мамандарды тартуды қоса,

еңбек ресурстарын толықтыру жөнінде шаралар әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Еңбек министрлігі және Әділет министрлігі Маңғыстау облысының әкімімен бірлесіп, жасалған контракттарға сәйкес облыс кәсіпорындарында еңбек қызметін жалғастырып жатқан және кейіннен ТМД елдеріне қайтуға тілек білдірген адамдардың азаматтығын (тұратын орнын) белгілеу процедурасы туралы мәселені 3 айлық мерзімде қарастырсын, сондай-ақ үкіметаралық келісімдерде көрініс табатын контракт жасау шарттарын анықтап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне және Жоғарғы Кеңесіне тиісті ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі және "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы БН-350 ядролық реакторының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етумен тікелей байланысты мамандықтардың тізбесін анықтап, аталған санаттағы мамандар мен олардың отбасылары Ресей Федерациясының атом өнеркәсібі жүйесінде тұрғын үй алуына және еңбекке орналасуына кепілдік беру туралы Ресей Федерациясының тиісті ведомстволарымен келісілген ұсынысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізетін болсын.

7. Маңғыстау облысының әкіміне Маңғыстау энергокомбинатымен бірлесіп, облыс халқының тұрмыстық мұқтажына арналған электр және жылу қуатына оның босату бағасының 50 процентіне дейінгі жеңілдік тарифтерін белгілеуіне рұқсат етілсін.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі мен Маңғыстау облысының әкімі Жаңаөзен қаласы мен Жетібай поселкесінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын белгіленген тәртіппен жергілікті органдардың балансына беруді жүзеге асырсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған бюджет жобасын әзірлеу кезінде Жаңаөзен қаласы мен Жетібай поселкесінің әлеуметтік салаларын ұстауға қаржы бөлу туралы мәселені қарастырсын.

10. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Маңғыстау облысының әкімімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп, республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарын қатыстыра отырып, 3 айлық мерзімде облыстың өнеркәсіп орындарына шикізаттар, материалдар, жинақтау бұйымдарын және жабдықтар беруге республикалық кәсіпорындарды мейлінше тартуды қарастыра отырып кооперациялық байланыстардың жаңа схемасын пысықтасын.

11. Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп Ақтау қаласының кәсіпорындарын концентратпен және бензолмен қамтамасыз ету мәселесін қарастырсын.

12. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік Қаржы министрлігімен бірлесіп Маңғыстау мұнай өңдеу зауытының құрылысына

шетелдік фирмаларды тартуға байланысты мәселелерді шешуді тездетсін, қаржыландыруды бастау және оны ұтымды пайдалануды бақылау үшін валюталық қорды неғұрлым белсене қалыптастыру жөнінде шаралар қолдансын. Зауыт құрамында "АКПО" акционерлік қоғамының мұқтаждары үшін бензол өндіретін технологиялық қондырғы болуын көздейтін болсын.

13. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі республика ауыл шаруашылығының "КАСКОР" акционерлік компаниясы (Ақтау қаласы) шығаратын азотты-фосфор тыңайтқыштарға қажетін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастырсын.

14. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі минералды тыңайтқыштар өндіруге арналған реагенттік базаны жаңғырту жөніндегі шараларды пысықтап, республика Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізсін.

15. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі үкіметаралық келісімдер бойынша Қазақстан мұнайын беріп тұру үшін төлемдерді есепке алып, төлем қабілеті бар сатып алушыларға мұнайды алдын ала өтеу шарты негізінде еркін сату құқығы берілуін ескере отырып, оны Ресей Федерациясының кәсіпорындарына беріп тұру мөлшеріне республика Экономика министрлігінің келісуі бойынша өзгеріс енгізсін.

16. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті Қазақ газ өңдеу зауытының (Жаңаөзен қаласы) өнімдеріне баға түзу туралы мәселені қарап, тиісті шешім қабылдасын.

17. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, басқа да мүдделі ведомстволардың қатысуымен Маңғыстау энергокомбинатындағы атом реакторының жұмыс істеу қабілеті мен ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы келісімді 3 айлық мерзімде әзірлеп, екі мемлекет Үкіметтерінің қарауына табыс етсін.

18. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі атом реакторын пайдалануды ғылыми демеуді қамтамасыз етуде, сирек кездесетін металдар бағдарламасын, химия өнеркәсібін дамытудың тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеуде, Өзен кен орнының мұнай беруін арттыру жөніндегі жұмыстарда аймақтың кәсіпорындарына ғылыми-әдістемелік қолдау жасайтын болсын.

19. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясымен және "КАСКОР" акционерлік компаниясымен бірлесіп тіс пастасының түтіктеріне арналған алюминий рондольдері өндірісін ұйымдастырсын.

20. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1994 жылы БН-350 реакторының қауіпсіздік жүйесінің сенімділігін арттыруға, Теңіз-Ақтау этан айдау құбыры мен Ақтау әуе жайының құрылысын жалғастыруға және тауарлы скандий өнімін алуға Қазақстан Республикасының Экономиканы өзгерту қорынан 5 млрд. сом

мөлшерінде қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

21. Атом энергиясы жөніндегі агенттік, "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігімен бірлесіп:

1994 жылдан бастап БН-350 ядролық реакторын алмастыру жөніндегі жобалау-конструкторлық жұмыстардың орындалуын ұйымдастырсын;

3 айлық мерзімде Маңғыстау энергокомбинаты мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының техникалық тапсырмаларын қарап, республиканың Министрлер Кабинетіне келісілген ұсыныстар енгізсін.

22. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі республиканың қорғаныс кәсіпорындарында мұнай кәсіпшілігі жабдықтары өндірісін ұйымдастыру туралы мәселені шешетін болсын.

23. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі Маңғыстау энергокомбинатының тұшыту батареясының құрылысын өз қаражаты есебінен 1995 жылы пайдалануға берілетін етіп одан әрі жалғастырсын.

24. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Маңғыстау облысының өнеркәсіп орындары мен әлеуметтік салалар объектілерін Каспий теңізі тасуынан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін республика Министрлер Кабинетінің резерв қорының төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған қаражаты шеңберінде жыл сайын бөлінуін қарастыратын болсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен. Р961031_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі